

Төлеби ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы Төлеби аудандық мәслихатының 2024 жылғы 28 наурыздағы № 11/64-VIII шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 29 наурызда № 6503-13 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Төлеби аудандық мәслихатының 2026 жылғы 11 ақпандағы № 33/198-VIII шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Төлеби аудандық мәслихатының 11.02.2026 № 33/198-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады) шешімімен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы шешім 01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес Төлеби аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Төлеби ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығының мөлшерлемесінің мөлшері салық кезеңінде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4 (төрт) пайыздан 2 (екі) пайызға төмендетілсін.

2. Осы шешім 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Аудандық мәслихат төрағасы

Н. Койбағаров